

Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабына сәйкес, жетінші шақырылымдағы аудандық мәслихаттың кезекті төртінші сессиясы 2021 жылдың 30 наурыз күні Сарыағаш ауданы әкімдігінің үлкен мәжіліс залында өтті. Сессияға аудандық мәслихат депутаттары, аудан әкімі, аудан әкімі орынбасарлары, дербес бөлім басшылары, қала, кент, ауылдық округ әкімдері қатысты. Сессияға депутат Ш. Ибрагимов төрағалық етті.

Сессияның күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралды:

1. Сарыағаш ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
2. Сарыағаш ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
3. Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
4. Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
5. Сарыағаш ауданының жер қатынастар бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
6. Сарыағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
7. Дербісек ауылдық округі әкімінің, өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
8. Жарты төбе ауылдық округі әкімінің, өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
9. Кәмелет жасқа толмағандардың істері жөніндегі комиссияның бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
10. Сарыағаш ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы;
11. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 10 қазандағы №29-295-VI «Аудан әкімдігі жанындағы қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша консультациялық-кеңесші орган құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
12. Сарыағаш аудандық мәслихатының кезекті сессиясының төрағасын сайлау туралы.

Жалпы, сессия күн тәртібіндегі мәселелер бойынша депутат тарапынан сұрақтар қойылып тиісті шешімдер қабылданды, бір қатар бөлім басшыларына тиісті тапсырмалар берілді.